

"Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 қыркүйектегі № 1003 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
С.Ахметов

Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасын бекіту туралы

«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасы б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

« »

№ Ж а р л ы ғ ы м е н

БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану

ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ Мазмұны Кіріспе

1. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану пайымы
2. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдаланудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері
3. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық және өзге де актілер тізбесі

Кіріспе

Табиғи ресурстар мемлекет меншігіне жатады және олардың Қазақстан Республикасының экономикасы үшін маңызы зор. Табиғи ресурстарды басқару Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың жалпы тетігінің ажырамас бөлігі және маңызды құрауышы болып табылады. Жалпы мемлекеттік басқару реформасы шеңберінде табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізу қажет.

Табиғи ресурстар экономиканың өсуін, ауқымды сыртқы экономикалық және сыртқы саяси уағдаластықтарды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының маңызды стратегиялық басымдығы болып табылады. Олар қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігіне пайдаланылуы тиіс.

Табиғи ресурстарды басқару, оларды есепке алу, қорғау, жалпы мүдделерде пайдалану мемлекеттік басқаруды дамытудың жалпы бағыттарына сәйкес, сол сияқты озық халықаралық практикаларды, әлемдік және өңірлік талаптарды ескере отырып, тиімді жүзеге асырылуы тиіс.

Минералдық ресурстар, өз кезегінде, аса маңызды табиғи ресурстар түрі, әлемдік өнеркәсіп өндірісінің, ғаламдық тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің жасампаз негізі болып табылады. Кез келген мемлекеттің, әсіресе Қазақстанның тұрақты дамуының шарттары бірнеше макроэкономикалық міндеттерді алға тартады, олардың арасында бірінші кезектегісі ұлттық резервтің негізі, ұлттық экономиканың барлық салаларының жеделдете дамуы үшін маңызды база - минералдық шикізат кешенінің жоғары әлеуетін қолдау және дамыту болып табылады.

1. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану пайымы

1. Ағымдағы жағдайды талдау

К ө м і р с у т е к ш и к і з а т ы

Қазақстан Орталық Азия аймағында ірі шикі мұнай жеткізушілерінің бірі болып табылады. Мұнай қорының расталған деректері бойынша Қазақстан әлем елдерінің

арасында 9-орынды иеленеді. Қазақстан көмірсутек шикізатының айтарлықтай қорына - әлемдік қордың 3,3 %-ына ие. Өндірілетін мұнайдың болжалды ресурстары 17 млрд. тонна мөлшерінде бағаланады. Қазақстан Республикасының аумағында 172 мұнай және 42 конденсатты кен орны тіркелген, олардың басым бөлігі (шамамен 70 %-ы) Қазақстанның батыс облыстарында шоғырланған. Қазақстандағы мұнайдың негізгі қоры ірі 11 кен орнында шоғырланған, олардың арасында - Теңіз бен Қашаған (елдің барлық қорларының жартысы), Қарашығанақ, Өзен, Жаңажол, Қаламқас және т.б. Қашағанның геологиялық қорында 6,4 млрд. тонна мұнай бар деп бағалануда. Қашағанда 1 трлн. шаршы метрден асатын табиғи газдың ірі қоры бар. Тағы бір ірі кен орны Теңізде геологиялық қордың болжалды көлемі 3,1 млрд. тонна мұнайды құрайды. Кен орнының өндірілетін қоры 750 миллионнан бастап 1 млрд. 125 млн. тонна мұнайға дейін бағаланады.

Қазақстанда мұнай және газ конденсатын өндіру есебі 1911 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Осы кезеңнен бастап 2012 жылға дейін 1,5 млрд. тонна мұнай мен газ конденсаты өндірілген.

2012 жылы Қазақстан тәулігіне 216 мың тонна мұнай өндірді.

Қазақстан бұрынғы кеңес республикалары арасында мұнай қоры бойынша Ресейден кейінгі екінші және мұнай өндіру бойынша екінші орын алып отыр. Елімізде табиғи газ қоры да қомақты және мұнай мен газ өндірісі ұдайы өсуде.

Өзінің негізгі кен орындарын толық игеру Қазақстанды келесі онжылдықта әлемнің ең ірі 5 мұнай өндірушісінің біріне айналдыруы мүмкін.

2015 жылға қарай өндіру көлемі жылына 95 млн. тоннаға дейінгі деңгейде болады деп болжалануда, бұл болжам негізінен экспорттық әлеуетті қатар кеңейтумен бірге Теңіз кен орнында жүргізілетін жұмыстардың қарқынына байланысты.

Қазақстанның мұнай өңдеу өнеркәсібі үш мұнай өңдеу зауытын (бұдан әрі - МӨЗ) қамтиды: Атырау мұнай өңдеу зауыты (бұдан әрі - АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауыты (бұдан әрі - ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауыты («Петро Қазақстан Ойл Продактс»). Көрсетілген кәсіпорындар қызметінің республиканың экономикасы мен тұтынушылардың мұнай өнімдеріне деген қажеттіліктерін өтеудегі маңызы зор. Бүгінгі таңда барлық үш зауытта Жаңғырту бағдарламасы бар және олар оны біртіндеп іске асыруда.

Барлық жердегі сияқты, мұнай-газ саласында да оның дамуына әсер ететін оң және теріс факторлары бар. Оң факторларға мұнайдың айтарлықтай қорлары мен өндіру көлемінің өсу мүмкіндіктерін, теңізде және тұзасты геологиялық барлау жұмыстарын (бұдан әрі - ГБЖ) жүргізу мүмкіндіктерін, МӨЗ-ді өз мұнайымызбен қамтамасыз етуді (Павлодарға реверс) және ішкі нарықты сапалы отандық мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуді, мұнай химиясын дамыту мүмкіндігін жатқызуға болады.

Алайда, мұнымен қатар кейбір теріс факторлар да бар. Мысалы, экспорттық бағаға елдің мұнай мен газдың негізгі тұтынушыларынан қашықтығы қатты әсер етеді;

әлемдік мұнай нарығындағы жоғары бәсекелестік, анағұрлым ықпалды экспорттаушылардың болуы; Қазақстан Республикасында өндірілген мұнайдың жоғары өзіндік құны мен ерекшелігі; қорлардың Қазақстан Республикасы бойынша әркелкі бөлінуі; үлкен көліктік ауыртпалық (ПМХЗ-ға жеткізу).

Теріс факторларға қиындықпен шығарылатын қорлары бар кендер санының көп болуын, минералдық шикізат базасының орны толмайтынын, қазақстандық компаниялар игеретін кен орындарында мұнай және газды өндіру қорлары мен өңделетін көлемі үлесінің мардымсыз болуын, ішкі өндеуді қамтамасыз етумен салыстырғанда, мұнай экспортының басымдығын, ГБЖ-дегі инвестициялардың төмен тартымдылығын, негізгі жобаларды іске асыруда артта қалуын жатқызуға болады.

Қ а т т ы п а й д а л ы қ а з б а л а р

Қазақстан аумағы бойынша тоғызыншы орын ала отырып, өз тіршілігін қамтамасыз ету және экономикасын дамыту үшін елеулі табиғи ресурстар базасына ие. Қорғасын, мырыш, мыс, мұнай, хром, темір, марганец, қалайы, алтын, фосфориттер, бор және калий тұздарының қоры бойынша Қазақстан әлем елдерінің озық ондығына кіреді. Сонымен бірге, нарық жағдайында минералды шикізат қорларының бір бөлігі бәсекеге қабілетсіз болып табылады. Мысалы, алтын бойынша кен қорларының 86 %-ы, қорғасын мен мырыш бойынша 68 %-ы, мыс бойынша 58 %-ы бәсекеге қабілетті. Марганец және хромит өнеркәсібінің шикізат базасы анағұрлым бәсекеге қабілетті б о л ы п т а б ы л а д ы .

Бүгінгі таңда, экспортталатын тау-кен металлургиялық саласының концентрат, металл түріндегі шикізат экспорты шамамен 90 %-ды құрайды. Ал машина жасау, құрылыс индустриясы және басқа да экономика салаларына арналған металл бұйымдары, к е р і с і н ш е, и м п о р т т а л а д ы .

Табиғатты пайдалану процесін тиімді басқарудың маңызды шарты минералдық шикізат базасының озық қарқынмен өндірілуі болып табылады. Қазіргі уақытта пайдалы қазбалардың стратегиялық түрлерінің басым бөлігі бойынша өндіріс көлемдері өсімнен айтарлықтай асады. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлері бойынша бұдан бұрын барланған кен орындарының қоры іс жүзінде таусылған. Қазақстандағы қара, түсті металлургияның минералдық шикізат базасы үшін кен орындарын игерудің тау-геологиялық жағдайының нашарлауы, кендегі негізгі пайдалы компоненттердің азаюы, олардың минералдық құрамының күрделенуі, қиын байытылатын кендер ү л е с і н і ң а р т у ы т ә н .

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы пайдалы қазбаларды толық және кешенді түрде өндіру міндеті аса өткір күйінде қалып отыр. Қазақстанның тау-кен металлургиялық кәсіпорындарының басым бөлігінде бейінді металдарға ілеспелі құнды компоненттер (платина, алтын, палладий, рений, осмий, таллий, ниобий және т.б.) шикізаттан толық көлемде ажыратылмай, қалдық ретінде кетеді. Кен орындарының қорлары бекітілген кезде ілеспелі пайдалы компоненттер бағаланбаған және теңгерімге қойылмаған. Жер

қойнауын пайдаланушыларға сирек кездесетін металдарды ажырату жөнінде қатаң талаптар қойылмаған және осы күнге дейін де қойылмай тұр. Кәсіпорындарда минералдық шикізаттың ілеспе түрлерін алудың төмен коэффициенті сақталып отыр.

Практика пайдаланылатын орташа статистикалық түсті, асыл және сирек кездесетін металдар кен орындарының кенінде мынадай құрамдағы 17 пайдалы компонент бар екенін көрсетіп отыр: мыс - 0,7 %, молибден -0,05 %, мырыш - 2,0 %, қорғасын - 0,1 %, алтын - 0,1 г/т, күміс - 15 г/т, висмут - 0,05 %, платина - 0,05 %, палладий - 0,05 %, кобальт - 0,05 %, селен - 2,8 г/т, теллур - 0,26 г/т, кадмий - 0,04 г/т, рений 0,25 г/т, индий - 20 г/т, осмий - 0,02 г/т, таллий - 0,01 %.

Есептер бойынша түсті металлургия кәсіпорындарында кеннен концентратқа (0,6-0,95), концентраттан металға (0,85-0,98) қол жеткізілген алу коэффициенттерімен орташа статистикалық кәсіпорын үшін бейінді металдарды (мыс, молибден, мырыш және қорғасын) өткізуден түсетін жиынтық кірістің үлесі 1,5 %-ды құрайды (барлық 17 элемент алынған жағдайда).

Негізгі, сол сияқты ілеспелі өнімді өткізуден түскен табысты сақтай, тіпті көбейте отырып, өндірілетін кеннің көлемін қысқартуға болады. Бұдан басқа, бұл кен орындарын пайдалану мерзімін ұзартып, қоршаған ортаға түсетін геоэкологиялық жүктемені айтарлықтай төмендететін болады.

Кен шикізатынан ілеспелі, әсіресе жоғары бағалы компоненттерді кен шикізатынан барынша алу, кендегі барлық компоненттердің тауар өніміне анағұрлым толық ажыратылуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды, процестер мен техникалық құралдарды әзірлеу және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын тездету сияқты маңызды мәселелер шешуді талап етеді.

Қазақстандық минералдық шикізаттың табиғи қасиеттеріне және технологиялық ерекшеліктеріне барынша сәйкес келетін қайта өңдеудің озық және нәтижелі технологиялары қажет. Әрбір кен орны бойынша концентрат пен металға ажырату коэффициенттерінің ең төменгі мәнін көрсете отырып, пайдалы компоненттердің алынуға жататын тізбесін бекіту қажет.

Құрамындағы пайдалы компоненттерді өндіру көлемінің жүйелі түрде қысқартылуын және оларды пайдаланудың толықтығы мен кешенділігін арттыруды көздейтін минералдық ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін белсенді түрде енгізу қажет. Жүйе геологиялық барлау, тау-кен өндіру жұмыстарының, шикізатты байытуды және уақыты мен пішімі бойынша (кіріс және шығыс операцияларының келісілгендігі) металлургиялық бөліністің өзара тығыз байланысын талап етеді. Мұны кен сапасын және «жобалау - жоспарлау - өндіру - қайта өңдеу» циклінің барлық кезеңдерін қамтитын және тау-кен металлургиялық кәсіпорынды басқарудың сатылы табиғатына сәйкес келетін минералдық шикізатты кешенді пайдалануды басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі негізінде ғана құруға болады, тиісті кадрлар қажет.

2. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқарудың және шикізат секторынан түсетін табыстарды пайдаланудың түйінді проблемалары.

Табиғи ресурстарды басқарудың түйінді проблемалары мыналар болып табылады:

- 1) мемлекеттік қаржыландырудың жетіспеуінен жер қойнауын озыңқы зерттеудің төмен деңгейі;
- 2) геологиялық базаның 80 %-ы ескі геологиялық-геофизикалық әдістер көмегімен барланып, есепке алынды;
- 3) минералдық шикізат кендерінде компоненттердің толық кешенді есепке алынбауы;
- 4) монотехнологияларды пайдалану. Кешенді концентраттарды алу мен қайта өңдеу технологияларына көшу қажет;
- 5) минералдық шикізатты өндіру мен орнын толтырудың әртүрлі қарқыны;
- 6) қызметкерлердің аз санынан және материалдық-техникалық жабдықталудың төмендігінен жер қойнауын оңтайлы және кешенді түрде пайдалануға жүргізілетін бақылаудың төмен деңгейі;
- 7) минералды шикізатты тұтыну мен орнын толтыруға жүргізілетін тиімді мониторинг жүйесі жоқ;
- 8) тиімді ақпараттық-талдамалық жүйе жоқ, мұның өзі негізсіз болжау мен жоспарлауға, реттеу мен жоспарлау процесінің әлсіреуіне әкеп соғады;
- 9) геологиялық ақпаратты жинау мен сақтау процестерін автоматтандырудың төмен деңгейі, сондай-ақ оған еркін шығудың болмауы;
- 10) шикізат секторынан түскен табыстарды үлестірудің ретке келтірілген тетігінің болмауы;
- 11) табиғи ресурстарды басқару саласында білімі мен тәжірибесі бар тиісті кадрлардың болмауы.

3. Тұжырымдаманы қабылдаудың негізділігі

Шикізат секторынан түсетін табыстарды тиімді басқару мен оңтайлы пайдалануды арттыруға бағытталған табиғи ресурстарды басқарудың жаңа жүйесін енгізу саланы дамытудың заманауи жаһандық үнқатулары мен саланың әлемдік даму үрдістерінен туындап отыр.

К ө м і р с у т е к ш и к і з а т ы

2012 жыл алдыңғы жылы болған факторлардың әсерімен өтті. Энергетикалық қауіпсіздік пен энергия үнемдеу, бағалардың өсуі мен қолжетімді мұнайдың жақын болашақта сарқылуы, баламалы құбыржолдар мен баламалы энергия тасымалдағыштар

Халықаралық энергетикалық бюллетеннің (IEO2010) экономикалық болжамына сәйкес 2012 жыл мен 2035 жыл аралығында нарықта энергияны жалпы әлемдік тұтыну 36 %-ға артады. Энергияға деген үлкен сұраныс Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кірмейтін елдерде болады деп болжануда.

Аталған болжам бойынша мұнайды тұтыну 2012 жылғы тәулігіне 89 774 мың баррельден 2035 жылы күніне 110 600 баррельге дейін артады.

Ұзақ мерзімді перспективада 2014 жылдан кейін барреліне \$100 асатын және 2035 жылға қарай барреліне болжалды \$130 асатын әлемдік мұнай бағаларына қарамастан, мұнайды тұтыну нарығы артатын болады. Мұнайды тұтынудың жалпы көлемінің 80 пайыздан асуы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына кірмейтін Азия мен Таяу Шығыс елдерінде болжануда, мұнда экономикалық өсудің жоғары қарқыны күтіледі.

Алайда, әлемдік көмірсутек қорының біртіндеп сарқылатынын да ескерген жөн.

Экономикасы дамыған ірі мемлекеттердің (АҚШ, Қытай, Англия) мұнай-газ салаласын дамыту стратегиясы өз көмірсутек қорын сақтауға және оны ел аумағынан тысқары жерлерде өндіруге бағытталған. Көмірсутектің белгілі бір көлемі аталған елдердің энергетикалық қауіпсіздігін қолдау үшін импортпен өтеледі. Ресурстардың болмауынан Франция, Италия сияқты дамыған мемлекеттер де барынша тартымды әлемдік жобаларға инвестициялап, көмірсутектер өндіру ісіне қатысуға тырысуда.

Жалпы әлемдік мұнай қорларының сарқылып, кейбір елдерде сұраныс артқан сайын, оның нарықтағы бағасы тек өсе беретін болады. Осы мән-жайды ескере отырып, салыстырмалы түрде шағын геологиялық қорлары бар мұнай-газ өндіретін елдер (Бразилия - жылына 110,0 млн. тонна, дәлелденген қорлар - 2,2 млрд. тонна) роялтиді біртіндеп арттыру арқылы көмірсутектерді өндіруден қомақты табыс алуға тырысуда.

Жоғарыда көрсетілген халықаралық тәжірибе мемлекеттің шикізат саласында белсенді шетелдік қатысу елдің макроқорсеткіштерінің серпіні үшін ерекше тежеуші фактор болып табылмайтынын көрсетеді. Сонымен бірге, ұлттық мүдделерді қорғау саясаты белгілі бір деңгейде қазіргі мұнай-газ саласының басым үрдісі болып табылады. Бұл ұлттық компаниялардың әлем нарығында белсенді ілгерілеуінен және мемлекеттердің ішкі экономикасының дамуынан да көрінеді.

Қ а т т ы п а й д а л ы қ а з б а л а р

Қазақстанда минералдық шикізатты пайдалану мәселесіне қатысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Жасыл экономикаға көшуі жөніндегі тұжырымдама бекітілген; Қазақстанның тау-кен металлургиялық саласын 2030 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасы дайындалды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1530 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында минералдық шикізат кешенін дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған бағдарлама іске асырылуда. Алайда олар негізінен ресурстарды сақтау идеологиясына, минералдық шикізатты өндіру мен қайта өңдеуге, сондай-ақ Қазақстан жер қойнауының әлеуетін сандық бағалауға бағытталған.

Қатты пайдалы қазбалар (бұдан әрі - ҚПҚ) нарығының мүмкіндіктері халық санының және халық тұтынатын тауарларды тұтыну көлемдерінің өсуімен байланысты

б о л а д ы .

2050 жылға қарай әлем халқының саны 9 млрд. адамға дейін жетеді. Халық санының артуымен тауарларды тұтыну көлемдері, олардың өндірісі де артып, нәтижесінде минералдық ресурстарды тұтыну көрсеткіші де өсетін болады.

Мәселен, 2030 жылғы темірге сұраныс жылына 7,43 млрд. тоннаны құрайды. Жағымсыз сценарий жағдайында болжамды сұраныс 5,27 млрд. тоннаны құрайтын

б о л а д ы .

Хром мен молибденнің дүниежүзілік нарығының болашақ дамуы мынадай факторлармен сипатталатын болады. Мәселен, Қытай тот баспайтын құрыштың ең ірі өндірушісі болып табылады, демек, импорт бойынша молибден мен феррохромның жеткізілімдеріне тәуелді болады. Германия, Жапония, Италия және Тайвань сол тәрізді ж а ғ д а й д а б о л а д ы .

Мыс саласындағы халықаралық зерттеу тобының болжамдарына сәйкес дүниежүзілік мыс нарығында соңғы бес жылда мыс кенін өндіру 1 млрд. тоннаға ұлғайды, ол дамушы елдерде индустрияландыру процестерінің жандануына, олардың тұтынушылық сұранысының өсуіне байланысты.

Қытай үлесіне әлемде мысты тұтыну көлемінің шамамен 40 %-ы тиесілі.

Әлемнің бірқатар елдерінде, әсіресе еуроаймақ елдерінде қарыз дағдарысын көрсете отырып, алтын құймаларына деген сұраныс ұлғаяды. Кен орнын өндіруге жұмсалатын шығындардың үш есе өсуіне қарамастан, соңғы он жылда кен орындарының аз саны а ш ы л д ы .

Қазір дүниежүзілік титан нарығында кенді шикізат жеткіліксіз. 2015 жылы концентраттың тапшылығы қазіргі уақыттағы әлемдік сұраныстың (2012 жыл) 20 %-ын қ ұ р а у ы м ү м к і н .

Болжамдарға сәйкес 2015, 2020, 2030 жж. түсті металлургия өнімдерінің импорты 2011 жылмен салыстырғанда қарқынды өсетін болады.

2030 жылға дейінгі болжам бойынша «өңделмеген мыс пен цинк негізіндегі құйындылар» түсті металлургияның ең қажетті өнімдері болады.

Жалпы, басқа да металл тұтынушы салалардың даму үрдістерін бағалай отырып, 2030 жылға қарай Қазақстанда қара металлургия өнімдерінің ішкі нарыққа жеткізілімін ұлғайту жағына қарай прогрессивтік ілгерілеу болжанып отыр.

Бүгінгі таңда қатты пайдалы қазбалар нарығының әлемдік үрдістері мынадай факторлармен қатар жүріп ж а т ы р :

1) әлем экономикасы даму қарқынының бәсеңдеуі, Еуроаймақтағы ұзаққа созылған дағдарыс, Қытайдағы тұтынудың құлдырауы;

2) тұтынушы салалар тарапынан әлемдік сұраныстың төмендеуі;

3) әлемнің тауар нарықтарында бәсекелестіктің күшеюі.

Қатты пайдалы қазбалар нарығын дамытудың әлемдік инновациялық үрдістеріне м ы н а л а р ж а т а д ы :

- 1) жоғары технологиялық және ғылымды көп қажет ететін өнімге деген қажеттіліктің тұрақты өсуі;
- 2) таза металдарды тікелей пайдалану деңгейінің төмендеуі және қоспалар мен композиттік материалдарды пайдалануға белсенді түрде көшу;
- 3) минералдық шикізатты өндіру және өңдеу процестерінде нанотехнологияларды пайдаланудың өсу үрдістерінің болуы;
- 4) геологиялық барлау жұмыстарында, зертханалық зерттеулерде анағұрлым жоғары технологияларды жаңғырту және пайдалану;
- 5) өндірістік шығындарды қысқарту есебінен бағалық бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
- 6) бақылау орталықтарын алыстан басқаруды қолдана отырып, агрегаттар мен технологиялардың ықшамдылығын арттыру, кен орындарын басқаруды автоматтандыру мен роботтандыру;
- 7) минералдық шикізатты өңдеу өнімдерінің тізбегінде қайта бөлуге арналған шығындарды төмендету, сапалы ерекшеліктерді жетілдіру және өндірістің экологиялық қауіпсіздігін міндетті арттыру кезінде өндірілетін өнімнің номенклатурасын кеңейту;
- 8) Өндірістің ұтымдылығын арттыру; кеннің биязы тартылуын қамтамасыз ету; минералдық шикізатты кешенді өңдеу; қоршаған ортаны қорғау; еңбек өнімділігін арттыру; өндіріс қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттері

Табиғи ресурстарды тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасының басты мақсаты мыналар болып табылады:

- 1) табиғи ресурстарды одан әрі зерттеу, жаңа кен орындарын іздеу және оларды есепке алу;
- 2) әлемдік жоғары сұранысты мемлекет мүддесіне пайдалану үшін табиғи ресурстарды өндіру мен әлемдік нарықтарға жеткізу қарқынын арттыру;
- 3) Ішкі нарықты жаңа экологиялық стандарттарға сәйкес отандық жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету;
- 4) шетелдік инвестицияларды шикізатты өндіру мен қайта өңдеудің заманауи технологияларын қолдану, сондай-ақ ең жаңа өндірістерді құру шарттарында ғана тарту үшін жағдайлар жасау;
- 5) баламалы энергия көздерінің өндірісін дамыту;
- 6) өндіруші кәсіпорындардың экологиялық зиянсыз өндірістерді ғана енгізуі;
- 7) көмірсутек шикізатының стратегиялық «резервін» құру;
- 8) шикізат секторынан түсетін табыстарды оңтайлы басқару.

Көрсетілген мақсаттарға мына міндеттерді шешу арқылы қол жеткізілуге тиіс:

- 1) табиғи ресурстарды одан әрі зерттеу, жаңа кен орындарын іздеу және оларды есепке алу;
- 2) табиғи ресурстарды тиімді басқару үшін, ең алдымен, олар туралы барынша

нақты мәліметтерге ие болу қажет.

Осыған байланысты, жер қойнауын зерттеу кезінде заманауи технологияларды пайдалана отырып, геологиялық барлаудың озық әдістерін қолдану, жоғары білікті кадрларды даярлау қажет.

Мақсаты пайдалы қазбалардың жаңа кен орындарын іздеуді және оларды бағалауды, оларды барынша тиімді және тез пайдалану үшін жағдайлар жасауды көздейтін жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеудің жүргізілуін үдету қажет.

Талдау жүргізу және оның негізінде мемлекет пен жеке сектордың рөлдерін бөле отырып, басым бағыттар бөлінісіндегі геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландырудың қажетті көлемдері мен басымдықтарын айқындау.

Әлем энергетикасының ұзақ мерзімді үрдістеріне, сондай-ақ республиканың ұзақ мерзімді энергия теңгеріміне талдау жүргізу.

Жоғары әлемдік сұранысты мемлекет мүддесіне пайдалану үшін табиғи ресурстарды өндіру мен әлемдік нарықтарға жеткізу қарқынын арттыру.

Ықтимал қаржы-экономикалық күйзелістер, сол сияқты шикізатты тұтынудың өзгермелі құрылымы салдарынан орын алған халықаралық нарықтардағы сұраныс деңгейінің құлдырауының және табиғи ресурстарға бағалардың төмендеуінің алдын алу мақсатында шикізат ресурстарын өндіру мен оларды әлемдік нарықтарға жеткізу қарқынын барынша арттыру қажет.

О л ү ш і н :

1) әлемдік нарықтар үрдістерін, технологиялық даму мен республика үшін экономикалық әсерді ескере отырып, минералдық шикізаттың басым түрлері бойынша (мұнай, газ, металдар, сирек кездесетін және жерде сирек кездесетін металдар, уран және т.б.) өндірудің жалпы көлемдері жөніндегі оңтайлы ұзақ мерзімді (2020, 2030, 2050 жж.) жоспарлар әзірлеу;

2) минералдық ресурстардың басым түрлеріне сұраныс пен бағалардың ұзақ мерзімді болжамдарын әзірлеу;

3) көмірсутек шикізаты өндірісінің артуымен және негізгі импорттаушы елдерді таңдаумен бірге, құбыр, теңіз және теміржол көлігі бойынша экспорттық әлеуетті кеңейту жоспарын әзірлеу;

4) жаңа технологияларды енгізу есебінен шикізат базасын кеңейту және өндірісті арттыру үшін талдау жүргізу және техногендік минералдық түзілімдерді өндеуге қатыстыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Ішкі нарықты жаңа экологиялық стандарттарға сәйкес отандық өндірістің жанар-жағармай материалдарымен қамтамасыз ету.

2025 жылға қарай Қазақстанның жанар-жағармай материалдарының ішкі нарығы ең соңғы экологиялық стандарттарға сәйкес келетін отандық өніммен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Осы мақсаттарда экологиялық Евро-4 еуропалық класына сәйкес келетін өнім шығаруға бағдарлай отырып, республиканың үш негізгі МӨЗ-ін жаңарту

ж ү р г і з і л у д е .

Ішкі нарықтағы ағымдағы жағдайға тұрақты талдаудың негізінде ішкі нарықты жаңа экологиялық стандарттарға сай келетін отандық өндірістің жанар-жағармай материалдарымен камтамасыз ету жөніндегі шаралар кешені әзірленді.

Бұл шаралар қазақстандық нарықтың қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыру үшін қажетті отандық өндірістің сапалы жанар-жағармай материалдары өндірісінің көлемдерін арттыруды ескере отырып, жанар-жағармай материалдарын өндіру бойынша қолданыстағы және жаңа қазақстандық қуаттарды қайта жанартуды ескереді.

Баламалы энергия көздерінің өндірісін дамыту

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында баламалы энергия түрлерінің өндірісін және оларды пайдалануды одан әрі дамыту қажет.

2050 жылға қарай Қазақстан Республикасында баламалы және жаңартылатын энергия түрлеріне жиынтық энергия тұтынудың кем дегенде жартысына шақ келетіндей шаралар қабылдау талап етіледі. Кейінгі перспективада баламалы және жаңартылатын энергия көздері көмірсутек шикізатынан алынатын энергияны алмастыруы тиіс.

Жел, күн, био-геоэнергетиканы пайдалану жөніндегі ғылыми әзірлемелерді ынталандыру қажет.

Жалпы алғанда, баламалы энергия түрлерін енгізуге, олардың өндірісіне инвестиция салуды ынталандыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеген жөн.

Баламалы энергияны өндіретін және пайдаланатын алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесі мен технологияларын зерттеп, тәжірибесін қабылдаған жөн.

Энергияны баламалы түрлерін дамыту, күн мен жел энергиясын пайдаланатын технологияларды енгізу Қазақстанның географиялық, климаттық және басқа да ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Шетелдік инвестицияларды шикізатты өндіру мен өңдеудің заманауи технологияларын қолдану, сондай-ақ ең жаңа өндірістерді құру шарттарында тарту үшін жағдайлар жасау:

Инвесторларды елімізге өндіру мен қайта өңдеудің ең заманауи технологиялар жеткізу шарттарында тарту.

Осыған байланысты:

1) жаңа инвестициялық келісімшарттар мен жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жобаларын әзірлеу кезінде жер қойнауын пайдаланушының міндеттеріне шикізатты өндіру мен шығарудың тек заманауи технологияларын пайдалану, жаңа өндірістерді, ең алдымен шығарылған шикізатты қайта өңдеу жөніндегі өндірістер енгізілуі тиіс;

2) қолданылатын технологиялар мен жаңа өндірістер жобаларының бағалары жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар жасалғанға дейін қаралуы тиіс;

3) тұрақты талдау мен әлеуетті инвесторларды іздеуді жүргізу;

4) негізгі әлемдік инвесторларды республиканың инвестициялық климатының артықшылықтары туралы хабардар ету;

5) үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның, Индустрияландыру картасының Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының шеңберінде іске асырылатын индустриялық және инфрақұрылымдық жобалардың талаптарына сәйкес ағымдағы жағдайға талдау жүргізу;

6) жаңа технологияларды қолдану және ең жаңа өндірістерді құру шарттарында шикізатты өндіру және қайта өңдеу секторының инвестициялық тартымдылығының жағдайларын жасау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Өндіруші кәсіпорындардың экологиялық зиянсыз өндірістерді ғана енгізуі.

Өндіруші кәсіпорындардың жаңартылатын энергия көздерін және экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалануын ынталандыру тетігін құру мен енгізу жөніндегі шараларды әзірлеу қажет.

Қоршаған ортаны ластаумен күресудің, қоршаған орта үшін жер қойнауын пайдаланудың жағымсыз салдарларына жол бермеу және оларды жоюдың техникалық әрі экономикалық шаралары пайдаланылуы тиіс.

Осы бағыттағы экономикалық шаралар жер қойнауын пайдалану қалдықтарын қайта өңдеу мен өткізуді, сол сияқты қажетті қорларды құруды және жер қойнауын пайдаланудың теріс салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды, оның ішінде авариялық-құтқару қызметтерін және т.б. қаржыландыруды қамтуы тиіс.

Көмірсутек шикізатының стратегиялық «резервін» құру:

Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігінің іргетасы, ықтимал экономикалық күйзелістер жағдайында қорғаушы тетік бола алатын көмірсутек шикізатының стратегиялық «резервін» құру қажет.

Әлем энергетикасының ұзақ мерзімді үрдістеріне, сондай-ақ республиканың ұзақ мерзімді энергетикалық теңгеріміне жүргізілген талдау негізінде шикізат түрлері бойынша көмірсутек шикізатының қажетті көлемдерінің стратегиялық «резервін» құру тетіктерін әзірлеу.

Бұл тетік тиісті инфрақұрылымды құруды, көмірсутек шикізатының стратегиялық «резервін» сақтау көлемдерін, сондай-ақ стратегиялық «резервті» қалыптастыру, жаңарту және пайдалану жөніндегі шараларды қамтуы тиіс.

Шикізат секторынан түсетін табыстарды оңтайлы басқару

Табиғи ресурстарды тиімді басқару оларды пайдаланудан түсетін табыстарды, ең алдымен - шикізат секторынан, пайдалы қазбаларды өндіруден түсетін табыстарды оңтайлы басқаруды қамтиды.

Шикізат секторынан түсетін табыстар барынша тиімді пайдаланылуы тиіс. Шикізат секторынан түсетін қаражат жалпыға бірдей игілік үшін пайдаланылатын болады. Табиғи ресурстарды пайдаланудан түсетін табыстар табиғи ресурстарды басқаруды жетілдіруге және оларды пайдаланудың жағымсыз салдарларын төмендетуге

бағытталуы, сондай-ақ болашақ қазақстандық ұрпақтардың экономикалық әл-ауқатының негізі болуға тиіс.

М ы н а л а р :

- 1) республика үшін негізгі бағыттар бөлінісіндегі минералдық және көмірсутек шикізатын өндірудің экономикалық әсеріне бағалау жүргізу;
- 2) шикізат секторынан түсетін табыстарды оңтайлы басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу қажет.

Бұл ретте, ең алдымен, шикізат секторынан түсетін табыстар табиғи ресурстарды басқарудың мақсаттары үшін пайдаланылуы тиіс.

5. Тұжырымдаманы орындау кезеңі және оны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Тұжырымдаманы іске асыру кезеңдері, атап айтқанда мұнай-газ саласы бойынша, өндіруді арттыру мен бастау, көліктік әлеуетті кеңейту және өңдеуші қуаттарды жаңғырту жөніндегі негізгі мұнай-газ жобаларын іске асырудың белгіленген мерзімдеріне толық шамада тәуелді.

2050 жылға дейінгі мұнай өндіру болжамына сәйкес бірінші кезеңде (2013 - 2020 жж.) өндіруді жылына 120,0 млн. тоннаға дейін қарқынды арттыру жоспарланып отыр. Бұл ретте, артқан көлемдер экспортын қамтамасыз ету үшін "КТК" мұнай құбырының өткізу қабілетін 52,0 млн. тоннаға дейін және "Қазақстан-Қытай" мұнай құбырының өткізу қабілетін 20,0 млн. тоннаға дейін арттыру арқылы көліктік дәлізді кеңейту жоспарланып отыр. Жиынтығында, осы кезеңде мұнай бойынша экспорттық қуатты 87,0 млн. тоннаға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Екінші кезең (2021 - 2030 жж.) - қарқынды өндіруден жоспарлы өндіруге көшуді қамтиды, себебі аталған кезеңде дәлелденген қорлардың біртіндеп сарқылуына байланысты мұнай өндірісінің жылына 100,0 млн. тоннаға дейін біртіндеп төмендеуі б а й қ а л а д ы .

Сонымен бірге, осы кезеңде ҚР ең ірі үш МӨЗ-де мұнайды қайта өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды жаңғырту мен арттыруды толығымен аяқтау жоспарланып отыр, оның нәтижесінде қайта өңделетін мұнай көлемін қазіргі жылына 15,0 млн. тоннадан 20,0 млн. тоннаға дейін арттыру, ал шығарылатын өнім сапасын еуропалық экологиялық стандарттарға дейін жеткізу жоспарлануда. Мұнайды 20,0 млн. тонна көлемінде қайта өңдеу мемлекеттің мұнай өнімдеріне деген қажеттілігін толық қанағаттандырып қана қоймай, сондай-ақ артығын дайын өнім түрінде экспорттауға м ү м к і н д і к б е р е д і .

Өндірудің жылына 100,0 млн. тоннаға дейін болжалды төмендеуіне байланысты екінші кезеңді іске асыру кезеңінде экспорттық бағыттар қайта қаралып, олардың анағұрлым тиімділері таңдалатын болады.

Қолданыстағы кен орындарын тиісінше толтыруға және сарқылуға жақын кен орындарын консервациялауға ерекше мән беріліп отыр.

Үшінші кезең (2031 - 2050 жж.) - мұнай өндіру деңгейінің одан әрі төмендеуіне

байланысты 2050 жылы өндірісті 100,0 млн. тоннадан 40 млн. дейін жоспарлы түрде төмендетуге, ішкі нарықты мұнаймен және мұнай өнімдерімен қамтамасыз етуге, ел үшін шикізатты экспорттаудың анағұрлым тиімді және басым бағыттарын таңдауға (20,0 млн. тонна үшін) бағытталады. МӨЗ-дегі мұнайды қайта өңдеу деңгейін 20,0 млн. тонна көлемінде ұстап тұру жоспарлануда.

Қазақстанның «Жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі бекітілген тұжырымдамада көзделген шараларды іске асырудың үш кезеңін қамтиды: бірінші 2013 - 2020 жж., екінші - 2021 - 2030 жж. және үшінші - 2031 - 2050 жж.

«Жасыл» инфрақұрылымды құру табиғат пайдаланудың тиімділігі мәселелерімен тоғысатындығын және онымен тығыз байланыста болатындығын, сондай-ақ қабылданып отырған шараларды үндестірудің маңыздылығын ескере отырып, Табиғи ресурстарды тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасындағы ұқсас уақыт мерзімдері қабылданады.

Бірінші кезең табиғи ресурстарды тиімді басқару жүйесін, шикізат секторынан түсетін табысты үлестіру мен пайдалану жүйесін қалыптастыруға, табиғат пайдаланудың тиімділігін арттыру жөніндегі бірінші кезектегі, оның ішінде сабақтас стратегиялық құжаттар мен мемлекеттік бағдарламаларда көзделген шараларды қабылдауға, тиісті инфрақұрылымды құруға бағытталған.

Екінші кезең ресурстарды үнемдеу мен ресурстар өнімділігін арттыруды, ресурс үнемдейтін жаңа технологияларды әзірлеуді көтермелеу мен ынталандыруды көздейтін табиғи ресурстарды басқарудағы жаңа саясатты әзірлеу мен оны іске асыруға бағытталған.

Үшінші кезең ұлттық экономиканы пайдалану табиғи ресурстарды олардың толық жаңартылуы мен табиғи-экономикалық ортаның тұрақтылығы жағдайында пайдалану қағидаттарына көшіруге бағытталған.

Ұсынылып отырған тұжырымдаманың басты нәтижелері ұзақ мерзімді кезеңге арналған табиғи ресурстарды тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдаланудың мемлекеттік жүйесін құру, сондай-ақ оны іске асыру бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді кезеңдерге арналған тиісті мемлекеттік бағдарламалардың әзірленуі болуға тиіс.

Аталған Тұжырымдаманы іске асыру ел экономикасының өсімін тиімді жоспарлауға, болашақта республиканың ішкі нарығындағы энергетикалық және табиғи ресурстардың тапшылығын болдырмауға, пайдалы қазбалардың қорларын қайта есепке алуға және рентабельділікті талдауға мүмкіндік береді, нәтижесінде бұл халықтың әл-ауқатының артуын тездетіп, тұтынылатын өнім сапасын жақсартатын болады.

2. Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқарудың және шикізат секторынан түсетін табысты пайдаланудың негізгі қағидаттары мен жалпы тәсілдері

1. Негізгі қағидаттар

1. Табиғи ресурстарды елдің экономикалық гүлдену игілігіне барынша ұтымды п а й д а л а н у .
2. Өндіруші салаларда көліктік және өндірістік әлеуетті барынша тиімді пайдалану.
3. Э ко л о г и я н ы ң с а қ т а л у ы .
4. Шикізатты кешенді пайдалану мен оны қалдықсыз қайта өңдеу.
5. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде табиғатты пайдалану проблемаларын ш е ш у .
6. Қоғамның барлық мүшелері үшін табиғи ресурстар туралы ақпаратқа бірдей қол жеткізу м ү м к і н д і г і н қ а м т а м а с ы з е т у .
7. Табиғат пайдалану саласында барынша айқындылықты қамтамасыз ету.
8. Табиғатты қазіргі, сол сияқты болашақ ұрпақ қоғамының мүддесіндегі пайдалану.

2. Жалпы тәсілдер

Мұнай-газ саласын дамытудың жоспарланған деңгейіне қол жеткізудің жалпы т ә с і л д е р і :

- 1) мұнай және газ өндірісінің көлемін жоспарлы түрде арттыру;
- 2) көліктік әлеуетті кеңейту;
- 3) озық технологиялар мен қауіпсіз өндірістерді пайдалану;
- 4) ішкі нарықты мұнаймен, мұнай өнімдерімен және газбен қамтамасыз ету;
- 5) ГБЖ арқылы қорларды арттыру (резервтер құру).

Т и і с т і і с - ш а р а л а р :

- 1) Қашаған кен орнында коммерциялық өндіруді уақтылы бастау;
- 2) ірі мұнай-газ жобаларына қатысудың қазақстандық үлесін арттыру;
- 3) жергілікті экологияны сақтау жауапкершілігін арттыра отырып, көмірсутектерді өндірудің заманауи технологияларын пайдалану;
- 4) мұнай мен мұнай өнімдерін тұтынушы анағұрлым табысты мемлекеттік с е р і к т е с т і к ;
- 5) қазақстандық мұнайды жеткізудің анағұрлым табысты экспорттық бағыттарын да м ы т у м е н к е ң е й т у ;
- 6) ішкі нарықты сапалы отандық өніммен қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті арттыру үшін үш МӨЗ-де жаңғыртуды уақтылы аяқтау;
- 7) МӨЗ-ді жаңғыртумен қатар мұнай-газ өндіруші компаниялардың МӨЗ-ге мұнай ж е т к і з у т е т і г і н ә з і р л е у ;
- 8) заманауи әдістемелер мен технологияларды пайдалана отырып, геологиялық

зерттеулер жүргізу арқылы елдегі кен орындары мен көмірсутектер қорларының санын
а р т т ы р у ;

9) капиталды қажет ететін, қиын игерілетін кен орындарында мұнай мен газды өндірудің орындылығы, сондай-ақ мұнай-газ кен орындарындағы қорлардың толтырылуын есепке алу туралы мәселені қою;

10) игеру алдындағы аймаққа әсер етудің және қыртыстардың мұнай қайтарымын арттырудың алдыңғы қатарлы әдістерін қолдану арқылы мұнайды, газ бен конденсатты алу коэффициентін арттыру.

Тау-кен технологиялық блогын дамытудың жалпы тәсілдері.

1. Ұтымды пайдалану. Жаңартылмайтын ресурстарға қатысты іс-әрекет анағұрлым толық ажыратуға, өндірілген шикізатты ұқыпты жұмсау мен кешенді пайдалануға бағытталатын болады.

2. Табиғи ресурстарды барынша көп пайдалану жөніндегі технологияларды іздеу. Энергия тиімділігін арттыруға және қоршаған ортаға ықпал ететін жағымсыз әсерді төмендетуге бағытталған минералдық шикізатты іздеу, барлау, өндіру, байыту мен қайта өңдеудің, оны кешенді пайдаланудың заманауи технологияларын әзірлеу және енгізу.

3. Табиғи ресурстарды зерделеу. ҮИИДМБ шеңберінде іске асырылатын индустриялық және инфрақұрылымдық жобалардың талаптарына сәйкес келу мақсатында, салаларды үйлесімді түрде дамыту жөніндегі ұсынымдар әзірлеу мақсатымен игерілмейтін кен орындарын талдауға бағытталатын табиғи ресурстарды; инфрақұрылымның, жұмыс күшінің, су ресурстарының болуын зерделеу көзделген.

4. Табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың бағыттарын іздеу.

5. Қалдықтарды басқару жүйесі. Қалдықтарды басқару жүйесі табиғи ресурстарды басқару жүйесінің маңызды құрамдас бөлігіне айналады. Қазақстанның тау-кен өнеркәсіптік өндіріс кәсіпорындарының үйінділерінде, қалдықтарды сақтау қоймаларында және тоғандарында 34 млрд. тоннаға жуық техногендік минералдық түзілімдер (бұдан әрі - ТМТ) сақтаулы. Мемлекеттік кадастр есепке алатын ТМТ нысандарының жалпы саны - 775. ТМТ көлемінің жыл сайынғы өсімі 350-400 млн. тоннаны құрайды. ТМТ-ні пайдаланудың жалпы жылдық деңгейі 70-80 %-ға жетеді, бұл осы сектордың инвестициялық тартымдылығын айғақтайды.

6. 4-5-бөліністегі өнімнің өндірісі. Қазақстанда шикізатты терең қайта өңдеуді және қосылған құны бар өнім өндірісін ұйымдастыру үшін барлық алғышарттар бар.

7. Инновацияларды енгізу, металлургия өнеркәсібінің өндірістік құрылымын жақсарту.

8. Тиісті кадрлық элеуетті даярлау.

9. Металдар мен машина жасаудың кіші салаларының - теміржол көлігі, көтергіш-көліктік, ауылшаруашылық және жол-құрылыстық машина жасау - ірі тұтынушыларына арналған ұсыныстарды арттыру.

2030 жылға қарай ішкі нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстанда машина жасау саласымен қатар тау-кен металлургиясы саласындағы жаңа өндірістік қуаттарды ұйымдастыру қажет болады.

3. Шикізат секторынан түсетін табысты басқару жөніндегі шаралар

Аталған Тұжырымдамада көрсетілген табиғи ресурстардың болжамды теңгеріміне жүргізілген талдаудан мынадай қорытынды шығаруға болады - еліміз бен әлемдегі, табиғи ресурстардың сол сияқты пайдалы қазбалардың басқа түрлерінің сарқылатыны с ө з с і з .

Осыған байланысты, ұзақ мерзімді перспективаны ескере отырып, өндіруші салалардан түсетін табыстың негізгі бөлігін жоғары әлеуеті бар өзге де өңдеуші немесе өндіруші салаларды зерттеуге, жаңғырту мен дамытуға бағыттау ұсынылады. Қаражатты бөлінісі жоғары және бәсекеге қабілетті өнімдерді шығаруға бағыттау.

Шикізат секторының табыстары табиғи ресурстарды тиімді басқарудың мынадай мақсаттарын қоса алғанда, оңтайлы табиғат пайдалану үшін де пайдаланылуы тиіс:

- 1) геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру;
- 2) табиғат қорғау және өзге де экологиялық шараларды қаржыландыру;
- 3) табиғатты пайдалану саласында, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушы ұйымдарға қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін қазақстандық кадрларды оқыту мен олардың біліктілігін арттыру;
- 4) өндіруші өңірлерде, әсіресе моноқалаларда әлеуметтік инфрақұрылым құру;
- 5) табиғатты пайдалану мен минералдық шикізатты зерттеумен, барлаумен, өндірумен және қайта өңдеумен, тау-кен металлургиялық және мұнай-газ кешенінің қалдықтарын кәдеге жаратумен байланысты ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік жұмыстарды жүргізу;
- 6) баламалы және жаңартылатын энергия көздері саласындағы зерттеулер жүргізу;
- 7) табиғатты пайдалану және жоғары технологиялық бөліністерді дамыту саласының ғылыми-инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру;
- 8) минералдық шикізаттың стратегиялық түрлерінің резервтік қорын құру.

3. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық және өзге де актілер тізбесі

Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Конституциясының, Қазақстан - 2050 стратегиясының, "Қазақстан - 2050: барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" стратегиясының ережелеріне сәйкес іске асырылуда.

Тұжырымдаманың мақсаттарына қол жеткізу мен міндеттерін шешу болжанатын стратегиялық және бағдарламалық құжаттар мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі т ұ ж ы р ы м д а м а ;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық д а м у ж о с п а р ы .

Бұдан басқа, Тұжырымдаманы іске асырудың және онда қойылған тапсырмаларды шешудің құралдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық а к т і л е р і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мәселен, табиғи ресурстарды одан әрі зерттеу, өндіру қарқынын арттыру және т.б. жөніндегі міндеттер Қазақстан Республикасының мынадай заңдарының негізінде ш е ш і л е т і н б о л а д ы :

1) «Қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік туралы» 2002 жылғы 3 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы;

2) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2010 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы;

3) «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы» 2011 жылғы 20 шілдедегі Қазақстан Республикасының З а ң ы ;

4) «Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Заңы ,

5) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Баламалы энергия түрлерінің өндірісін дамыту жөніндегі міндеттер мыналардың негізінде ш е ш і л е т і н б о л а д ы :

1) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы;

2) «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» 2012 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы.

Қазақстан Республикасының шикізат секторынан түсетін табысты тиімді пайдалану міндеттері мыналардың негізінде шешілетін болады:

1) Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексі;

2) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі;

3) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері.

Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында белгіленген тәртіппен 2014 - 2030 жж. кезеңге арналған табиғи ресурстарды тиімді басқару және шикізат секторынан түсетін табысты пайдалану бағдарламасын әзірлеп, қолданыстағы бағдарламалық құжаттарға осы Тұжырымдаманың негізгі бағыттарын енгізу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК